| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тобы | **Орта топқа арналған перспективалық жоспар** | | | | | | | | | |
| Оқу жылы мен айы | | | | | | | | | | |
| | Қыркүйек 2022-2023 | | | | | | | | | |
| Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі | ***Денсаулық*** | ***3*** | ***Қатынас*** | ***2*** | ***Таным*** | ***2,5*** | ***Шығармашылық*** | ***3*** | ***Әлеумет*** | ***0,5*** |
| | Дене шынықтыру | 3 | Сөйлеуді дамыту | 1 | Математика негіздері | 1 | Сурет салу | 1 | Қоршаған ортамен танысу | 0,5 |
| | | | Көркем әдебиет | 0,5 | Құрастыру | 0,5 | Мүсіндеу | 0,25 | | |
| | | | Орыс тілі | 0,5 | Жаратылыстану | 1 | Жапсыру | 0,25 | | |
| | | | | | | | Музыка | 1,5 | | |
| | | | | | | | *Вариативті компонент/Шығармашылық* | 0,5 | *Вариативті компонент/Әлеумет* | 0,5 |

**Балабақша /Детский сад / My kindergarten (1-апта)**

**Мақсаты:** балалардың балабақша туралы білімдерін толықтыру, балабақшаның адамның өмірінде алатын орны жайында ұғымдарды қалыптастыру

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Қуыршақ Дана сапта тұр"<br>Мақсаты: балаларды сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға үйрету; сап түзеп тізесін жоғары көтеріп қимыл үйлесімділігін сақтау жүру дағдыларын жетілдіру; сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін қалыптастыру; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Ойыншықтармен танысу"<br>Мақсаты: балаларға балабақша туралы түсінік беру, балабақша мен топтың атауларын жатқа айта білуге үйрету, балалардың ойыншықтар туралы әңгімелеу қабілеттерін қалыптастыру, ойыншықтардың қасиеттерімен таныстыру. | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Ойыншықтарды жинайық"<br>Мақсаты: балалардың "көп", "біреу", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру; ойыншықтардың қасиеттерін пысықтау. Балалардың біртекті заттарды өзара топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, бөлмедегі заттарды бір-бірінен ажырату және олардың санын анықтау дағдыларын қалыптастыру | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Түрлі-түсті доптар"<br>Мақсаты: балаларды түрлі-түсті қарындашпен (фломастермен) қағаз бетіне көлемі әртүрлі дөңгелектерді, доптарды салуға үйрету; дөңгелектерді түзу сызықтармен, нүктелермен безендіру амалдарымен таныстыру; доппен ойналатын ойындар туралы мағлұматтарын кеңейту. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы: "Менің отбасым"<br>Мақсаты: балалардың отбасы туралы ұғымдарын кеңейту; отбасы туралы түсінік бере отырып, отбасы мүшелерінің аталуын жатқа айтуға үйрету; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беруге жаттықтыру; балабақша мен отбасының байланысы туралы түсінік беру. Отбасы мүшелерінің атаулары арқылы балалардың ойлауы мен зейінін, есте сақтауы мен қабылдауын, тілі мен дүниетанымын дамыту. |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Әдемі сап түзейміз!"<br>Мақсаты: балаларды сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүру, жүгіру жаттығуларын орындау іскерліктерін жетілдіру; сап түзеп тізесін жоғары көтеріп қимыл үйлесімділігін сақтау жүру дағдыларын дамыта отырып, сап түзеп жүргенде қимыл үйлесімділігін сақтау қабілетін дамыту; 2-3 метр қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты домалату дағдыларын қайталау. | | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Табиғат ғажайыптары"<br>Мақсаты: балалардың қоршаған табиғат туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; жанды және жансыз табиғат нысандары туралы білімдерін кеңейту; ауа райын бақылауда маусымдық өзгерістерді байқап, ажырата білуге үйрету; балабақша туралы түсінік беру. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Ойыншықтар"<br>Мақсаты: балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Сапқа тұрайық"<br>Мақсаты: балаларды допты домалату дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге ауысу дағдыларына және оқу қызметін пысықтау. | | **Құрастыру**<br>Тақырыбы: "Балабақша - біздің үйіміз".<br>Мақсаты: балаларды құрылыс материалдары кірпіш және призма қасиеттерімен таныстыру жүйесін жалғастыру, жазықтықта орналасу принциптерін пысықтау; текшелерді бір баған тәрізді, бірінің үстіне бірін қойып, қолмен түзеп отыруға, тағы бір текшелерді биік бағанға жан-жақтан тіреп қоюға, текшелер үстіне призмаларды, шатыр тәрізді, құламайтындай қою амалдарын | **Музыка**<br>Тақырыбы:"Біздің балабақшада ойыншықтар көп"<br>Мақсаты: балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыра отырып, әнді тыңдау, сипатын ажырата білуге іскерліктерін жетілдіру; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін дамыту; оқу қызметін пысықтау. | |
| **Вариативті компонент** | - | - | - | **Вариативті компонент/Шығармашылық**<br>Тақырыбы:"Доппен жаттығу"<br>Мақсаты: балаларға ермексаз қасиеттері туралы түсініктер беру, доптың қасиеттері және ойындар түрлері туралы баяндау. Тұтас ермексаз кесектерінен қажетті көлемде бөліктерді үзіп немесе жұлып алып, дөңгелектетіп илеп, үлкен және кішкентай, түрлі-түсті доптарды мүсіндеу техникасын пысықтау; дөңгелектерді қағаз бетінің белгілі жерлеріне жапсыруға үйрету, жазықтықты бағдарлау қабілетін жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ақыл-ой қабілетін дамыту. Балалардың ойындарда белсенді болу қабілеттерін дамыту, ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. | - |
| | | | | | |
| **Менің отбасым /Моя семья / My family (2-апта)** | | | | | |
| | **Мақсаты:** балалардың отбасы туралы білімдерін жетілдіру, отбасы мүшелерін атап, қуаныш сезімдерін білдіруге үйрету. | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Бауырсақпен шеңберге тұру"<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұруға үйрету; шеңберге өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалатау дағдысын жетілдіру; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларына үйрету; достық қарым-қатынасқа, ептілік пен жылдамдыққа, ерік-жігерге тәрбиелеу; оқу қызметіндегі | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Әлди-әлди санамағын мәнерлеп оқу. Дауысты [а], [ә] дыбыстары."<br>Мақсаты: балаларды педагогтің соңынан санамақ жолдарын қайталап айтуға үйрету; отбасы мүшелерінің отбасыда алатын орны жөнінде, қарапайым сөз тіркестерін құрап, айту біліктерін жаттықтыру; отбасы туралы ұғымдар қалыптастыру. Балалардың жуан [а] және жіңішке [ә] дауыстыларды сөздер құрамында нақтылы айтқызып, | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Әженің көмекшілері"<br>Мақсаты: балалардың "көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру; отбасы жөнінде түсініктерді тиянақтау. Балалардың бөлмедегі отбасы мүшелері қолданатын құралдарды ажырату және олардың санын анықтау тәртібіне үйрету; саны біреу болған және саны көп заттарды салыстыру, заттарды жалпы белгі бойынша топтастыру біліктерін жетілдіру. | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Дуал"<br>Мақсаты: балаларды қылқалам арқылы тіктөртбұрыш пішінінің бойымен тіке және көлденең сызықтарды айқастыра жүргізіп, дуалды салуға үйрету; құрылыс нысаны дуал туралы түсінік беру. Қылқаламның сабын үш саусақпен ұстап, бояуға малып, үстіден төмен немесе солдан оңға қарай, ұшынан көз алмай, түзу сызықтарды жүргізу техникасын игерту; жұмыстың соңында қылқалам түгін төгілмеуіштегі суға шайып, тіреушеге қайта қоюға дағдыландыру; қолдың ұсақ | - |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Шеңберге өз еркімен тұрамыз"<br>Мақсаты: балаларды шеңберге тұру іскерліктерін қайталау; шеңберге өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; ұзындыққа екі аяғымен секіру және бір-біріне қарама-қарсы отырып, допты қақпаға дәлдеп домалатау дағдысын жетілдіре отырып, түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларына қайталау. | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Мұрагер"<br>Мақсаты: балаларды "Мұрагер" ертегісімен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға талпындыру; ертегідегі адамдардың тіршілігі туралы мағлұматтар бере отырып, үлкендердің тілін алу керектігін түсіндіру; отбасы туралы түсінік беру. Ертегі желісі арқылы балалардың тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту. Балалардың ертегіге қызығушылығын ояту; отбасы | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Қошақаным"<br>Мақсаты: балаларға қошақан туралы ұғым беру; қошақанға күтім көрсету ерекшеліктері мен қошақанның өмір сүру қалпы туралы түсініктерін кеңейту; үй жануарларының өз бетімен табиғатта өмір сүруі қиын екенін түсіндіру; үй жануарларының төлдерін бір-бірінен ажырата білуге үйрету; отбасы туралы түсінік беру. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Әлди-әлди"<br>Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; отбасы туралы ұғымдарын кеңейту. | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Әдемі шеңбер жасайық"<br>Мақсаты: балаларды допты қақпаға дәлдеп домалатау дағдысын қайталау; түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын және оқу қызметтерін пысықтау. | **Орыс тілі**<br>Тақырыбы: "Это я". Знакомство".<br>Мақсаты. Формировать умение воспринимать русскую речь, понимать и употреблять по образцу взрослого слова, обозначающие приветствие, прощание, называние себя, упражняться в правильном произношении гласных звуков в словах. Развивать артикуляционный аппарат, фонематический слух, речь, слуховое и зрительное восприятие, диалогическую речь, внимание, мышление, положительные эмоции. Закладывать основы вежливого поведения, общения со взрослыми, светстниками. | | **Мүсіндеу**<br>Тақырыбы: "Әжем пісірген тәттілер"<br>Мақсаты: балаларды қамыр сияқты мүсіндеу материалымен таныстыру; кесектен бөліктерді үзіп, түрлі нан өнімдерін жасауға үйрету; дөңгелектеу және тік есу мүсіндеу, таяқша ұштарын қосу, жалпайту тәсілдеріне жаттықтыру; нан өнімдері туралы түсініктерді кеңейту. Қамырдан саусақтармен үзу және жұлу, алақандар арасында дөңгелектеп илеу, тік есу арқылы қолдың ұсақ моторикасын дамыту; пішіндерді қабылдау, жазықтықты және кеңістікті бағдарлау мүмкіндіктерін жетілдіру. | |
| **Вариативті компонент** | - | - | - | - | **Вариативті компонент/Әлеумет**<br>Тақырыбы: "Отбасы" ойыны<br>Мақсаты: балаларға отбасы ұғымын түсіндіру, отбасы мүшелерінің отбасы құрамындағы атқаратын әрекеттерін пысықтау, отбасында құралдарды қолдану қажеттіліктерімен таныстыру; ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың ойын желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық арақатынастарға түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-қиялын жетілдіру. Балалардың отбасына деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру, үлкенге құрмет қағидаларының негіздерін қалау, әдептілікке тәрбиелеу. |
| | | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Табиғат әлемі/ Мир природы / Natural world (3-апта)** | | | | | |
| **Мақсаты:** балаларды табиғат әлемі жайлы білімдерін толықтыру; табиғат әлеміне қамқорлық танытуға тәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Епсіз қонжық"<br>Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру, оқу қызметінде белсенділіктерін көтеру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Күн" мен "түн" суреттері бойынша әңгімелесу<br>Мақсаты: балаларға тәуліктің бөліктері күн мен түн құбылыстары туралы, олардың табиғат пен адам өміріне тигізген септігі туралы әңгімелеу; түрлі сөздік ойындарда ересектің соңынан сөздер мен сөз тіркестерін қайталап, айтқанын қимылдармен сүйемелдеуге үйрету; сұрақтарға бірден жауап беруге жаттықтыру. | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Күн тәртібі"<br>Мақсаты: балаларға тәулік бөліктері жөнінде түсініктер беру, "таңертең", "күндіз", "кеш", "түн" ұғымдарын қалыптастыру, күн тәртібін пысықтау, "үлкен-кішкентай", "бір-бірден", "жоғары-төмен" ұғымдарын пысықтау. Балалардың тәулік бөліктерін байқауға үйрету, өз өміріндегі өзгерістерді тәулікке, күн тәртібіне сәйкестеуге үйрету; ақыл-ойды, түйсікті, есте сақтау қабілетін дамыту. | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Жаңбырда өскен саңырауқұлақ"<br>Мақсаты: балаларды қарындаш арқылы саңырауқұлақ пен жауып жатқан жаңбыр тамшыларын салуға үйрету; композиция жөнінде түсінік беру; саңырауқұлақтың жаңбырдан кейін едәуір тез өсетіні туралы ұғымдар қалыптастыру. Қарындашпен қысқа, үзік сызықтарды бір бағытта жоғарыдан төмен салу техникасын жаттықтыру; саңырауқұлақ бейнесін екі сопақшаны тиістіріп салуға дағдыландыру; саңырауқұлақ пен жаңбырды бір композицияға біріктіргенде қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін жетілдіру. | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Тақырыбы: "Күзгі бақ"<br>Мақсаты: балаларды балабақша ауласындағы күзгі бақпен таныстыра отырып, күздің қарапайым өзгерістері мен ерекшеліктерін бақылай білуге үйрету; күз мезгілінде болатын табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын кеңейту; табиғат әлемі мен адамдар арасындағы байланыс туралы ойларын қалыптастыру; табиғат әлемі туралы түсінік беру. |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Аяқтың ұшымен жүрейік"<br>Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүру іскерліктерін қайталау; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу дағдысын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіруе отырып, балалардың оқу қызметінде белсенділіктерін көтеру. | | **Құрастыру**<br>Тақырыбы: "Достарға саты"<br>Мақсаты: балалардың құрылыс материалы текше туралы түсініктерін арттыру; текшенің қасиеттері жөнінде алған білімдерін іс-тәжірибеде, ойында жетілдіру; екі текшеден құрылған екі бағанды бірі-біріне қосып, тіреп, екі жақтан бір текшеден тағы да тіреп қойып, жасалған сатының қырлары мен бұрыштарын қолмен түзеп отыруға үйрету; үй жануарлары жөнінде ұғымдарды жетілдіру. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Жау, жау жаңбыр"<br>Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру. | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Тақтайдың үстімен бірге жүрейік"<br>Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүру іскерліктерін пысықтау; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру және бір бағытта еңбектеу дағдысын, сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын пысықтау. | | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Қалпақты өсімдіктер"<br>Мақсаты: балалардың жеуге жарамды және жарамсыз саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру; жаңбырдан кейін саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуі жайлы білімдерін кеңейту; тіршілік қауіпсіздігін сақтауға үйрету; табиғат әлемі туралы түсінік беру. Балаларды саңырауқұлақтармен таныстыруда көркем сөздер арқылы ойлау қабілеті мен тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және шығармашылығын дамыту. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Жаңбыр"<br>Мақсаты: Балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету; жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; табиғат туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін дамыту; музыкалық аспапта ойнай білуге үйрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыруды пысықтау. | |
| **Вариативті компонент** | - | - | - | **Вариативті компонент/Шығармашылық**<br>Тақырыбы: "Бақа"<br>Мақсаты: балаларды бақа денесінің негізгі құрылымымен таныстыру, бақаның мезгілге сай тіршілігі туралы мағлұматтар беру. Көлемі және орналасуы түрлі сопақша пішіндерін бір тұтас бақа бейнесіне біріктіріп, жапсыру амалдарына үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінді, ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Табиғат құбылыстарын бақылауға деген қызығушылықтарын ояту; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу. | - |
| | | | | | |
| **Менің Қазақстаным/ Мой Казахстан / My Kazakhstan (4-апта)** | | | | | |
| **Мақсаты:** Отан туралы білімдерін толықтыра отырып, Отанға деген сүйіспеншілікке, қамқор болуға тәрбиелеу. | | | | | |
| | | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Күн дидарлы Қазақстан"<br>Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөренемен жүру және допты лақтыру, ұтып алу дағдысына үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру.<br>Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; бөренемен жүру және тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру; допты лақтыру, ұтып алуептілігіне үйрету; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Қазақстан туралы әңгімелесу"<br>Мақсаты: балаларға Қазақстан Республикасының Әнұраны, Елтаңбасы және Туы жөнінде, Қазақстан туралы негізгі ұғымдар беру; Қазақстан туралы қарапайым тақпақты жаттатып үйрету; тақырып бойынша ересектің соңынан қарапайым фразаларды қайталауға ынталандыру. | **Математика негіздері**<br>Тақырыбы: "Жасасын Қазақстан!"<br>Мақсаты: балаларда "сол жақ", "оң жақ" түсінігін қалыптастыру; "көп", "біреу", "бір-бірден" ұғымдары бойынша түсініктерін пысықтау; Қазақстан жөнінде алатын мағлұматтарды тиянақтау.<br>Балалардың "көп", "біреу", "бір-бірден", "сол қол", "оң қол" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру; бір қасиетті негізге ала отырып, қасиеттері бөлек заттарды екі қолға бөліп ұстау арқылы оң және сол жақты ажыратуды үйрету; зейінді, ақыл-ойды, өзін-өзі бағдарлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту. | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: "Жалауша"<br>Мақсаты: балаларды қарындаш пен сорғышты қолданып, көгілдір түсті жалаушаны салуға үйрету; жалаудың мейрамдарда кеңінен қолданатыны жайында баяндау, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы туралы түсініктерін бекіту. Қылқаламды қағаздың сол жақ шетіндегі таяқшаның бойымен тіке сызық, оң жаққа қарай тура сызық салып, екі сызықтар ұштарын көлденең түзу сызық арқылы қосып, тік төртбұрышты салу техникасын қалыптастыру; ұшына сорғыш оралған таяқшаны көгілдір бояуға батырып, тіктөртбұрыш сұлбасы аясын дақтарға толтырып, бояу техникасын игерту. | - |
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Күндей сары дөңгелек"<br>Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүру дағдыларын қайталау; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөренемен жүру және допты лақтыру, ұтып алу дағдысын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру.<br>Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; бөренемен жүру және тепе-теңдікті сақтау дағдысын қалыптастыру; допты лақтыру іскерліктерін қайталау; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. | **Орыс тілі**<br>Тақырыбы: "Поиграем с игрушками".<br>Игрушки.<br>Мақсаты: развивать умение слушать русскую речь, отзываться на просьбы взрослого с помощью называния игрушек, выражения просьбы, ответа на вопрос; учить правильно произносить гласные звуки в словах. Развивать артикуляционный аппарат, фонематический слух, слуховое и зрительное восприятие игрушек, основы монологической и диалогической речи, внимание, мышление. | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: "Ақ көгершін"<br>Мақсаты: балаларды ақ көгершіннің сыртқы келбетімен таныстыру; ақ көгершінді тануға, білуге деген құштарлығын қалыптастыру; ақ көгершін жайлы білімдерін кеңейту; Қазақстанның Ата заңы туралы түсінік беру. Балаларды ақ көгершінмен таныстыру кезінде көркем сөздер арқылы ойлау қабілеті мен тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін, құштарлығын дамыту. | **Музыка**<br>Тақырыбы: "Ата Заңым ардақты"<br>Мақсаты: балалардың әнді тыңдауға қызығушылықтарын арттыру; жай және көңілді әндерді тыңдай білуге жаттықтыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру; дауыстың жоғары және төмен ырғақтарын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; Қазақстан туралы ұғымдарын кеңейту. | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Бөренемен жүреміз"<br>Мақсаты: балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүру дағдыларын қайталау; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіре отырып, бөренемен жүру және допты лақтыру, ұтып алу дағдысын дамыту; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін дамыту; допты лақтыру іскерліктерін қайталау; сап түзеп шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын және оқу қызметін пысықтау. | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: "Туған өлкем"<br>Мақсаты. Балаларды туған өлке туралы өлеңнің мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға жаттықтыру; өлеңнің мазмұнындағы сөздерді мұқият тыңдап, есте сақтай білуге үйрету. | | Жапсыру<br>Тақырыбы: "Менің үйім осындай"<br>Мақсаты: балаларды дайын шаршы, үшбұрыш пішінді қағаздар арқылы үй бейнесін құрастырып, жапсыруға үйрету; геометриялық пішіндер қасиеттері және желімдеу техникасы жөнінде ұғымдарды қалыптастыру. Қолдың ұсақ моторикасын желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алу техникасы арқылы жетілдіру; жазықтықты бағдарлау, заттардың құрамды бейнесін тұтас түрде қабылдау қабілеттерін, бала тілін дамыту. | |
| **Варнативті компонент** | - | - | - | - | Вариативті компонент/Әлеумет<br>Тақырыбы: "Наубайхана" ойыны<br>Мақсаты: балаларға наубайхана жөнінде түсінік беру, наубайшы мамандығымен таныстыру, нан өнімдері туралы ұғымдарды пысықтау, ойын ережелерін түсіндіру. Балалардың "Наубайхана" ойыны желісіне түсу іскерлігін қалыптастыру, қатынастарда қарапайым сұрақ қою, жауап беру үлгілерін игерту, шағын және топтық әрекеттестерге түсе білу, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісі қабілетін жетілдіру. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге баулу, ұқыптылыққа, әдептілікке тәрбиелеу. |
| | | | | | |

Сканировано с CamScanner